

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т.ІІ. - Б. 391-393

## **КӘСІПТІК ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ БІЛІМ БЕРУ ПРИНЦИПТЕРІН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Толубаева Қ.*

Бүгінгі сабақта оқыту принциптерін қолданудың басты мақсаты – білім беру саласы арқылы ақпараттық үдерістерді, құбылыстарды, олардың арасындағы өзара байланыстарды модельдеу негізінде қабылданған шешімдердің нәтижелерін талдау және болжау, оқу мен практикалық міндеттерді шешудің стратегиясын жасау, мамандардың кәсіптік біліктілігін қалыптастыру, олардың жеке және альтернативті ойлау қабілеттерін дамыту. Қазіргі уақытта іс-әрекетте жоғары сапаға жетуді, өз бетінше негізделген және ықпалды шешім қабылдай алуы пайдалы әдістерді меңгермей жүзеге асыру тиімді емес [1].

Оқыту принциптері - бұл бастапқы, негізгі дидактикалық ережелердің, оқыту үдерісіне қойылатын талаптардың белгілі бір жүйесі, оларды орындау оның қажетті тиімділігін қамтамасыз етеді. Оқыту принциптері оның мақсаттары мен міндеттерінен қоғамдық даму талаптарына, оқу процесінің объективті заңдылықтарына, осы заңдылықтарды нақты жағдайларда қолдану тәсілдеріне негізделген. Олар оқыту мазмұнын іріктеуге, оның нысандарын, әдістері мен педагогикалық құралдарын таңдауға қойылатын белгілі бір талаптарды негіздейді.

Оқыту процесінің жалпы мақсаттарына және заңдылықтарына сәйкес мазмұнды, ұйымдастырушылық формалар мен әдістерді анықтайтын базистік жағдайлар - педагогиканың оқыту принциптері болып табылады. Принцип - латын сөзі, қазақша «негіз» деген сөз. Оқыту принциптері - педагог пен білім алушылардың жұмысын реттеп отыратын принциптер. Ол барлық пәндерді оқытқанда қолданылады. Оқыту принциптеріне сәйкес оқытуға қойылатын

талаптар тұжырымдалады. Оларды орындаған педагог өз еңбегінде жақсы табыстарға жетеді.

Я. А. Коменский педагогикалық ойдың тарихында ең бірінші болып оқыту процесінің құрылуын анықтайтын оқыту принциптерінің жүйесін жасады. Оның оқыту табиғаттың және адамның дамуының жалпы заңдылықтарына бағынады деген идеясы «оқытудың табиғатқа сәйкестігі» деген атқа ие болды. Ж. Ж. Руссо оқыту процесінің принциптік негізі білім алушының табиғатпен тікелей жанасуы деп есептеді. И. Г. Песталоцци оқытудың мазмұнын көрнекілік принципінен шығарады [2].

Оқыту принциптері объективті заңдар сипатында болады, бірақ табиғи заңдарға қарағанда табиғи стихиялық әрекет етпейді. Оқу процесін табысты жүзеге асыру үшін оларды педагог оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің нақты процесінде іске асыруы тиіс.

Оқыту принциптері тарихи сипатқа ие, олардың кейбіреулері уақыт өте келе өз маңызын жоғалтады, басқалары қайта құрылады, қоғамның, ғылымның, оқуға арналған техниканың заманауи талаптарын көрсететін жаңа қағидаттар пайда болады.

1. Оқыту заңдылықтары. Оқыту заңдылықтары арқылы оқыту процесі іске асады. Құбылыстар мен процестер арасындағы байланысты дамытудан заңдылық туындайды.

Оқыту процесінің заңдылықтары:

- Қоғам талабы оқытудық мақсат-міндеттерін айқындайды, оның мазмұны, әдіс-тәсілдері, ұйымдастыру нысандарының өзгеруі, жаңаруы заңды процесс.

- Білім беру, тәрбие, дамыту қызметінің бірлігі.

- Кез келген ақпарат бірлігі, іс-әрекет тәсілі білім, іскерлікке айналу үшін мұғалім оқушының санасындағы білім, іс-керлік, дағды деңгейіне сүйену керек.

- Дидактика заңдылықтарының ерекшелігі - оқыту процесінің бөліктері - оқытушы іс-әрекеті (оқыту), оқушы іс-әрекеті (оқу), білім мазмұны арасындағы тұрақты тәуелділіктер. Оқыту оқушының белсенді іс-әрекеті арқылы жүреді.

- Кез кел-ген оқыту оқытушы мен оқушы және білім мазмұнының мақсатты түрде бір-біріне ықпал етуі арқылы жүзеге асады.

2. Принциптер мен ережелер туралы ұғым. Принцип - латын сөзі, қазақша негіз деген сөз. Оқыту принциптері - мұғалім мен оқушылардың жұмысын реттеп отыратын ережелер. Сондықтан ол барлық пәндерді оқытқанда қолданылады. Оқыту принциптеріне сәйкес оқытуға қойылатын талаптар тұжырымдалады. Оларды орындаған мұғалім өз еңбегінде жақсы табыстарға жетеді.

Оқыту принциптерінің жүйесін тұңғыш ұсынған Я.А.Каменский. Ол адам табиғаттың бір бөлігі болғандықтан, оқыту да табиғат пен адам тәуелді болатын заңдарға байланысты екенін дәлелдейді. Сондықтан оның пікірінше, оқытудық ең басты принципі - табиғатқа сай болу принципі. И.Г.Песталоцци оқытудың көрнекілік принципін ерекше бағалап, оны логикалық ойлауды дамытатын маңызды құрал деп санаған. К.Д.Ушинский оқытудық халықтық сипатына баса назар аударып, оқытудың принциптерін психологиялық тұрғыдан қараған. Ы.Алтынсарин оқыту ережелерін қазақ мектептеріндегі білім берудің ерекшеліктеріне байланысты қолдану керектігін айтқан.

1927 жылғы педагогикалық энциклопедияда педагогика ғылымы мен мектептің жетістіктері жинақталып, "принцип" сөзіне анықтама берілді: мақсаты, құралды таңдауға негіз болатын ой.

А.П.Пинкевич ұсынған принциптер: оқытудық өмірмен және қоғамдық еңбекпен байланысы; жас ерекшелігі принципін сақтау; оқытудық белгілі бір жас кезеңіндегі оқушылардың даму деңгейіне сәйкес болуы (оқушылардың күш жігерін дамуға жұмсау, жұмыстың жүйелілігі, шығармашылық - қызығушылықтың басты негізі); пән мазмұнының ерекшеліктерін, әдістерін анықтау. Ол "Оқыту принципін дидактиканың тұғырлы ережелері, оқыту процесіне қойылатын негізгі талаптар" - деп тұжырымдалады.

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің міндеттерінің өзгеруіне орай, білім берудің үш тұжырымдамалық үлгісі анықталды. Олар:

- пәнге бағытталған білім беру үлгісі;

- тұлғаға бағдарланған оқыту үлгісі;

- пәндік және тұлғаға бағдарланған оқыту үлгілерінің кіріктірілген түрі-ынтымақтау үлгісі[3].

Білім беру парадигмасының өзгеруіне орай, жеке тұлғалық парадигмаға көшу қазіргі білімнің басты тенденцияларының бірі болып саналады. Бұл – технократтық қоғамның дағдарысынан туындаған адам жайлы ойлаудың тереңдігінің көрінісі.

Тұлғалық парадигма білімнің мөлшерінің өсуі, ондағы бірсарындылық сияқты құбылыстарды мойындамайды, керісінше ол оқу үдерісіндегі ішкі ізгілікке негізделеді. Осы бағыттағы білім беру жүйесіне дәстүрлі оқыту әдіснамасының сәйкес келмейтіні түсінікті. Өйткені дәстүрлі оқыту негізінен білімдік парадигмаға негізделгендіктен, онда белгілі пәнді оқыту аясындағы әрекеттер арқылы білім алушы түсініктерді, тәжірибелерді меңгеруге тиіс болды. Әрине, бұл жағдайда тұлғаның табиғатына әсер ету мүмкіндігі шектеулі. Сондықтан оның дербестігі, қайталанбастығы, субъектілігі іске асатын ізгіліктілік әдіснамасының қажеттілігі артады.

Қорытындылай келе, оқыту мен тәрбиелеудің барлық қағидаттарының сипаттамасын атап өткім келеді, бұл кәсіптік оқытудың барлық принциптері емес. Принциптердің жалпы санынан мен, менің ойымша, ең маңыздысын атап өттім. Мысалы: бүкіл өмірді, ең алдымен оқыту мен тәрбиелеуді эстетизациялау принципі; мектеп, отбасы және қоғам талаптарының келісілуі; тікелей және параллель педагогикалық іс-әрекеттердің үйлесуі; оқу-өндірістік қызметтің жеке және ұжымдық нысандарының бірлігі сияқты принциптерді қозғамады.; зертханалық - практикалық жұмыстар мен өндірістік оқыту процесінде операцияларды орындаудың технологиялық реттілігі мен үздіксіздігі; оқытуды компьютерлендіру принципі және т.б. жаңа уақыттың талаптарына жауап бермейтін, мысалы, коммунистік тәрбие беретін оқыту қағидаты сияқты қағидаттардың кейбіреулері мүлдем өзекті бола алмады. Бірақ бұл қағидаттардың барлығын назардан тыс қалдыруға болмайды, өйткені олардың талаптары тығыз өзара байланысты және оларды орындау да тығыз өзара тәуелді: кез келген қағидаттардың талаптарын жүзеге асыру қандай да бір шамада барлық қалған талаптардың орындалуына қалыптасады, принциптердің бірін елемей басқалардың талаптарын толық іске асырмауға әкеп соғады және, сайып келгенде, осының барлығы педагогикалық үдеріске және оқыту тиімділігіне әсер етеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Елбасы Н.Назарбаев «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасы.
- 2 . Кәсіптік білімнің бағдары // “Қазақстан мектебі” журналы №8, 2004
- 3 Сластенин В.А. Педагогика. Учебник.-М: Академия, 2015.- 304 с.